



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

ЖҰМЫСТАН АЙРЫЛУ ЖАҒДАЙЫН БАСЫНАН ӨТКІЗГЕН АДАМНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Мукушева Дина Жасқайратқызы

dina-mukusheva@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Әлеуметтік ғылымдар факультеті Әлеуметтану кафедрасы

«5В090500-Әлеуметтік жұмыс» мамандығының 4 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.И. Манасбаева

Халықты еңбекпен қамту бүгінгі күнгі Қазақстан Республикасының еңбек нарығындағы ең маңызды мәселе болып отыр. Оның басты мақсаты халықты жұмыспен қамту және жұмыссыздықты жою. Осы мәселелерді шешу үшін ең алдымен еңбек нарығын жүйелі түрде талдап, сонан соң ондағы болып жатқан өзгерістерді бағалап әрбір аймақтың өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, еңбек нарығы, жұмыс күші нарығы, еңбек ресурстары нарығын басқару жүйесін жетілдіру қажет.

Осыған байланысты еңбекке жарамды жастағы халықты жұмыспен қамту және оны экономика салаларында пайдалану бүгінгі күннің өзекті мәселелері. Еңбекпен қамтудың негізгісі еңбек ресурстарының өсуіне байланысты экономикалық белсенді халық санының да өскендігін байқауға болады.

Азаматтарды жұмыспен қамтудың төмендеуінің негізгі факторларының бірі болып республикадағы ірі кәсіпорындардың, ұйымдардың жұмыс істеуінің тұрақсыздығы мен тоқтап тұрулары, қаржылық дағдарыс жағдайлары қосымша жұмыс орындарын ашуға теріс әсерлерін тигізеді. Бос жұмыс орындары мен қызмет орындарының жетіспеушілігі әсіресе ауылдық жерлерде қатты сезіледі [1].

Біздің елімізде жұмыссыздық мәселесі салыстырмалы түрде «жас» болғандықтан, жұмыссыздардың психологиялық мәселелерін зерттеу жұмыстары шет ел авторларына тиесілі. Бұл зерттеулердің едәуір бөлігі жұмыссыздықтың жеке реакцияларының «кезеңдік үлгілеріне» бағыттылған (П. Эйзенберг, П. Лазаресфельд, Х. Кауфман, Лавье, Харрисон, Л. Пельцман) және жұмыссыздардың моральді психологиялық жағдайлары статикалық күйде болмайтынын айқындаған. Ең алдымен ол жұмыссыздықтың күйінде ұзақ болып, сол арқылы көптеген өзгерістерге ұшырайтынын анықтайды. Жұмыссыздықтың өсуіне байланысты жұмыссыздар арасында көңіл-күйдің өзгеруі байқалады – «оптимизмнен» бастап, «пессимизм» мен «фатализмге» дейін. Сонымен қатар, кейбір авторлар берілген мәселені зерттеу барысында жұмыссыздықтың денсаулыққа әсері (С. Манила, Э. Лахельма, М.Х. Бреннер), жүріс-тұрыс реакциясы (М. Яхода, Бринкманн, Д. Брем, Р. Лазарус, Д. Фельдман, Л. Уэнгард), психологиялық-педогогикалық (Д.Г. Барнз, Г. Мауэр, Э. Эккерле) және т.б. аспектілерін қарастырды.

Ресейлік психологтар жұмыссыздардың психологиялық мәселелеріне көптеп көңіл бөлуде және оның жеке аспектілерін зерттеуге тоқталады. Жұмыспен қамтылу кризисінде жүрген тұлғалар (А.Н. Демин), жұмыссыздардың өзін-өзі бағалау ерекшеліктері, өз-өзіне өзекті сипат беру мәселелері және өзін-өзі басқару (А.Н. Колобкова, Т.С. Чуйкова, В.А. Солнцева) мәселелері қозғалған. Жұмыссыздықтың психологиялық-педогогикалық аспектілерін қарастырған авторлар З.Г. Гаджинская, Г.И. Осадчая, З.Т. Голенкова. Жұмыссыздық әлеуметтік-экономикалық салдармен қатар әлеуметтік статусы мен материалдық жағдайының өзгеруіне, адамның профилі мен жұмыс орнына, айналасындағы адамдар алдында мәртебесін жоғалтуға байланысты психологиялық мәселелер қатарын туғызады. Жұмыссыздық ұзақтығына қарай тәуелсіз, жағымсыз салдарға ие. Белгілі бір жағдайларға байланысты жұмыссыз қалған, сонымен қатар бірнеше апта бойы жұмыссыз болса да адамдарда торығу, абыржу, дәрменсіздік сезімдері болады.

Жұмысынан айырылған адамда өмірлік стилі, оның күтулері, мақсаттары мен құндылықтары өзгереді. Жұмыстан шығуға тән зардаптар – ардың опынуы, ыза, депрессия, болашаққа деген қорқыныш, нашар психикалық күйге шағым, шарапқа салыну, нашақорлық, ажырасу, балаларына және жұбайларына зорлық, өзіне қол жұмсау туралы ойлар. Жұмыссыз адамның стресстік белгілеріне бас ауруын, асқазан мәселесін, жоғары қан қысымын жатқызуға болады [2, 78].

Жұмыссыздықты субъектінің өзі және қоршаған ортасы өткір стресстік жағдай ретінде қабылдануының себебі, тұлғаның сана-сезімі мен еңбек қызметінің арасындағы байланыспен жасырылған. Жұмыс адамның ішкі күйін анықтайтын негізгі фактор болып табылады. Адамдар болашақ өндірістік қызметіне мектепте және кәсіби оқу орындарында білім алып, жылдар бойы дайындалады. Кәсіби дайындығы кезіндегі жылдар оның интеллектісіне, мінезіне, әдеттері мен бейімділігіне қатты түрлендіретін әсер етеді. Есейе келе, адамдар тәуліктің үштен бір бөлігін әр түрлі қызметтің әлеуметтік пайдалы түрлеріне кетіреді. Жұмыс адамдардың көбі үшін тамақ, киім, тұрғын үй және басқа да материалдық және материалдық емес қажеттіліктерін қамтамасыз ететін негізгі және жалғыз құрал. Әрине, еңбекке жарамды жаста жұмысын жоғалту адамдардың көбі үшін барлық өмірлік әдеттерінің бұзылуы болып саналады.

Австралиялық психолог В. Франклдың ойынша, еңбек адам құндылығының басымдылықтарының бірі болып табылады. Өмірдің мәнін іздеу және өзінің мүмкіндіктерін жүзеге асыру, тұлғаның мінез-құлқы мен дамуын анықтайтын тұжырымынан бар мотивациялық тенденциясы. Өмірлік мәнінің болмауы В. Франкл экзистенциалды вакуум деп атаған күйді туғызады. Бұл күй, жұмыс адам өмірінен толықтай шығарылған жағдайда анық көрінеді. В. Франкл негізгі белгісі апатия болып табылатын, «жұмыссыздық неврозы» түсінігін енгізді. Бұл күйдің қаупі жұмыссыз оған көмек қолын созған кезде, көмекті пайдаланатын жағдайда болмайды. Кейде бұл жағдай өмірден түнілу, болашаққа деген сенімсіздік, тітіркенгіштікке әкеледі, көп жағдайда агрессияны күшейтеді, жұмыссыздыққа алып келген күштер мен шарттарға қарсы наразылық сезімдерін тудырады.

Әлеуметтік-психологиялық тәжірибе жұмыстан айырылу, әсіресе мәжбүрлі түрде жұмыстан шығарылу жағдайы адамның мінез-құлқы мен эмоционалды реакциясындағы түрлі негативті өзгерістерге алып келуі мүмкін [3]. Осылай, жұмыстан айырылу күйзелісіндегі адамдардың психологиялық ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған, мамандандырылған психологиялық зерттеулерде, жұмысын жоғалтып алған адамдарға тән күйлер:

- күйзеліс күйін қайғыру;
- өмірге қанағаттанушылық сезімінің төмендеуі;
- жалғыздық күйінің өршуі және әлеуметтік оқшаулану;
- уақытты жоғалту сезімі, күн тәртібінің бұзылуы;
- көңілсіздіктің, әлсіздіктің, әрекетсіздіктің және көнгіштіктің өсуі;
- жалпы өмірге деген қарым-қатынастағы пессимизм мен фатализмнің көңіл-күйдегі басымдылығы;
- өмірін реттеуге құлшыныстың жойылуы;
- қозғыштықтың, агрессияның жоғарылауы.

Жұмысынан айырылған адам өзін-өзі дамыту, әлеуметтік байланыстар сияқты жоғары қажеттіліктерін қанағаттандыратын мүмкіндіктерін жояды. Қауіпсіздіктегі қажеттіліктер активтендіріледі: бір нәрсені өзгертуге, ықпал етуге сенімділіктің жоқтығынан, ертеңгі күндегі беймәлімділік қорқытады, өмірлік тұрақтылық сезімі жойылады. Төменгі деңгейдегі қажеттіліктерін іске асыруға қиналады: өзін мақсатты белсенділікте жүзеге асыруға мүмкінділігі жоғалады.

Біртіндеп, жұмыссыздық мерзімінің ұзақтығына байланысты мотивтер иерархиясының тұтастығы бұзылады. Өзінің абыройына, кәсіби құзыреттілігіне қамқорлығы сияқты маңызды мотивтер өзектілігін жойып, аса маңызды емес уақыт өткізу мәселесі бірінші орынға қойылады. Қажеттіліктеріне қанағаттанбау, үйреншікті

иеррархияларының бұзылуы жұмыссыз адамда наразылық, тынышсыздық және ашық агрессия сияқты басқа да теріс эмоциялар туғызады.

Жұмыстан айырылу адамның мінез-құлқының өзгеруімен бірге жүреді. Ең қарапайым өзгерістер бос уақыты көп болғандықтан, күнің ұйымдастыруға байланысты. Жұмыссыздардың ұқсас әрекеттері өзін-өзі ұйымдастыру қабілетінің жойылуынан, уақытқа бағдар өзектілігінің төмендеу салдарынан болады. Тестілеу нәтижесінде жұмыссыз портретін тұтастай мінездейтін басқа да психологиялық қасиеттер анықталды:

- әлеуметтік батыллықтың биік емес деңгейі;
- бағыныштылық, көнгіштік, конформдылық;
- мінез-құлқындағы пессимистілік және сақтық;
- күдіктілік, сенімсіздік;
- түйткі мен тынышсыздықтың биік деңгейі;
- әжептәуір жақсы дамыған интеллект;
- мінез-құлықтың әлеуметтік нормаларын орындаудағы міндеттілік;
- түйткі көрсеткіштерінің фонында және өзін-өзі бақылауда фрустрация күйіне әкелуі

мүмкін маргиналды күй деңгейіндегі эмоционалды тұрақтылық.

Зерттеушілер Волошина И.А. мен Гребенников В.А. жұмыссыз адамдардың жеке сипаттамаларын зерттеді. Авторлардың алған нәтижелері бойынша жұмыссыз тұлғалар үшін келесі сипаттамалар тән: қарым-қатынастағы тактикалылық, өзін-өзі бақылаудың биік деңгейі, нақты ойлау, көзқарастар мен ұстанымдардағы іскерлік, жалпы қабылданған нормалар мен мінез-құлық ережелеріне еру бейімділігі.

Жұмыссыздықтың эмоционалды зардаптарының арасында көп жағдайларда суицид тенденцияларымен депрессивтік синдромның пайда болуы белгіленеді [4]. Жұмыссыздық кезінде пайда болған стресс жеке өмір ұзақтығының қысқаруына себеп бола алады.

Жұмыссыздарда әрекетсіздік, абыржу, фрустрация, қатты өзгерген әлеуметтік-экономикалық шарттарға беймделу қабілетсіздігі мен шарасыздығы, өкпешілдік, бейнеленген жеке және әлеуметтік белсенділіктің жоқтығы байқалады.

Шетелдік зерттеушілер жұмысынан айырылу өзін-өзі сезінудің нашарлауы, отбасы саласындағы және тұлғалар арасындағы қарым-қатынастағы негативті өзгерістер, мінез-құлықтағы деструктивті форманың пайда болуы нәтижесінде елеулі стресстік жүктілікті белгілейді.

С. Картли мен Дж. Фрайер 1930 жылдары жұмыссыздық пен аурулар деңгейінің, дәрігерге жату мен өлім арасындағы тәуелділікті өздерінің зерттеулерінде жазған.

Зерттеулер ішінде жұмыссыздық пен суицидтік мінез-құлыққа бейімділік және басқа да деликвенттік мінез-құлықтар арасындағы байланыс анықталды (М. Аргайл). Осылайша, АҚШ-ғы 1% жұмыссыздық (егер бес жылда төмендемесе) өзін-өзі өлтіруді - 4,1%-ға ұлғайтады, ал психикалық клиникадағы аурулар саны - 4,0%-ға, алкоголизмнен көз жұму - 1,9%-ға, өлімнің жалпы көрсеткіші - 1,9%-ға ұлғаяды. Осындай жағдайда абақтыдағы адамдар - 4,0%-ға, ал адам өлтірушілер саны - 5,7%-ға өседі. Жүрек ауруынан өлімнің көбеюі, өзін-өзі өлтіру және құқық бұзушылықтың ұлғаюы жұмыссыздық деңгейінің өсуіне байланысты.

Жұмыссыздық отбасындағы қарым-қатынастың нашарлауына, жанұя мүшелеріне агрессиялық қарым-қатынасқа, конфликтке және ажырасуға әкелуі мүмкін.

Осылай, К. Леана мен Д. Фельдман өздерінің зерттеулерінде жұмыссыздық отбасыға негативті әсер етеді деп жазған. Олар ерлер мен әйелдер жұмыстарын жоғалтқаннан кейін, бұрынғыға қарағанда өзара қолдауды аз көрсетеді, сол үшін жанжалдар жиі болып тұрады деп орнатты.

Көп жағдайда жұмыссыздар отбасынан бас тартып, жанұясын тастап кетеді немесе жұмыс жасайтын адамдарға қарағанда, жиі ажырасады деп белгіленеді, осының негізінде авторлар жұмыссыздық жанұяға елеулі қатер туғызады деген қорытынды жасайды. Жұмыссыз отбасы балаларының мінез-құлықтарында көбінесе ауытқу байқалады. Өйткені стрессті уайымдау симптомдары тек жұмыссыз адамдарда ғана емес, сонымен қатар

жұмыссыздардың отбасы мүшелерінде де кездеседі. Аса үлкен ықтималдылық деңгейімен жұмыссыздық тікелей қатысты адамына ғана емес, жанама қарым-қатынастағы адамдарға да теріс білінеді деп бекітуге болады.

Жұмыссыздық айналасындағы немесе барлық адамдар үшін стресстің қуатты көзі болып табылады. Жұмыстан шығарылу қаупінен құтылған, бірақ жұмыстан шығарылу қаупі болған адамдар стресстік күйді кешеді және жұмысынан айырылу қаупі, жұмыссыздыққа қарағанда қатты психологиялық травмаға ұшыратады.

К. Леана мен Д. Фельдман жұмыссыздың психологиялық күйіне байланысты, заңдылықтар қатарын суреттеп, дәлелдеді:

- адамдардың жұмыстан шығарылуды ауыр сезінгендерінен сайын, жағдайдың қалпына келетініне және жұмыс алу мүмкіндігіне сенімділіктері азаяды;
- жұмыссыздар сыртқы жағдайларда өздерінің жұмыссыздықтарының себептерін көрген сайын, пассивті болады;
- тұлғаның жұмыссыздығы ұзақ уақытқа созылып отырғандықтан, жұмысын жоғалтуды одан әрі қайтымсыз деп қарастырады;
- жеке тұлғалардың жұмыссыздығы ұзақ уақытқа созылған сайын, олар өз жағдайларын қайтымсыз деп санап, бұрынғы жұмысына ұқсас жұмысқа орналасу қабілеттілігін бағалауы төмендейді.

Жұмыссыз адамдарда жаттап алынған мүсәпірлік, өзін-өзі бағалаудың аса төмен деңгейі мен аса жоғары депрессия деңгейінің симптомдары анықталған:

- Әлеуметтік көмек бағдарламаларына тәуелділік, адамның өзімен болып жатқандарды бақылауға қабілеттілігін төмендетеді;
- Көбінесе адам кәсіби деңгейі қаншалықты жоғары болса, соншалықты деңгейде, өзінің кәсіби машықтарын тұрмыста қолдана алмайды;
- Үйреншікті күн тәртібі, апталық цикілі бұзылады;
- Адам ортаның әртүрлілігінен айырылады, өйткені оған енді үйден сирек шығуға тура келеді, ал үйдің жұмыстары әдетте біртектес;
- Адам ортаның анықтылығынан, өз болашағы жөніндегі ақпараттан, өз өмірін белгілі бір мерзімге дейін жоспарлау мүмкіндігінен айырылады, ал екіұштылық түйіткіге алып келеді;
- Физикалық қауіпсіздік төмендейді: табыстардың төмендеуі қолайлы тұрғын үйдің ысыраптануына қауіп төндіреді;
- Адам жұмысын жоғалтқаннан кейін, әлеуметтік қолданылатын рөлінен және онымен байланысты оң өзін-өзі бағалаудан айырылады; әлеуметтік жәрдемақы алуды ұят деп қарастырады [5, 403-404].

Жұмыстан айырылу көп жағдайда қайғы мен кризистік күйге алып келеді. Психологтар бұл мәселені бұрыннан зерттеген. Олар спецификалық стресстік күйдің дамуының бірнеше кезеңін анықтаған. Әйгілі психолог Л. Пельцман төрт кезең жайлы осылай айтады:

1 кезең – екіұштылық және шок күйі. Бұл өте ауыр қапалану, әсіресе жұмыстан айырылу тұтқиылдан болса (күтпеген жағдайда штаттың қысқартылуы, басшымен жанжал және т.б.). Бұндағы маңыздысы, абыржу мен қорқыныш, мысалы, ауру, жазатайым оқиғалар сияқты, адамның басқа келеңсіздіктерге ұшырауына себепші болатын қауіп факторы ретінде шығады. Ең қатты патогендік фактор жұмысты жоғалту емес, ал оны жоғалтып алу қаупі екенін айта кеткен жөн.

2 кезең – жағдайға психологиялық адаптация және жеке жеңілдену сезімінің пайда болуы. Бұл фаза әдетте жұмысын жоғалтқаннан кейін 3-4 айға созылады. Бірінші апталардан, психологиялық шок өте бастағаннан кейін, көп адамдар жеңілденіп, қуаныш сезіне бастайды. Күнделікті 9-00-да фирмаға асығудың қажеті болмайды, кәсіби міндеттерден арылып, бос уақыт пайда болады. Жалпы, адам психологиялық жайлылық және өмірге қанағаттануды бастан кешеді (әсіресе, біраз уақыт өмір сүруге мүмкіндік беретін жиған қаржысы болса). Әдетте, мәжбүрлі демалыс пайдалы. Көбі денсаулық пен көңіл-күйдің жақсаруын белгілейді.

Толығымен қалпына келіп, адам жаңа күшпен белсенді жұмыс іздеуге кіріседі.

3 кезең – жағдайдың қиындауы. Ол жұмыстың 6-7 ай болмауынан туындайды. Әдетте бұл уақытқа дейін адамның қаржылық және әлеуметтік күйі нашарлайды. Белсенді жүріс-тұрыс дефициті, қарым-қатынас шеңберінің тарылуы, өмірлік әдеттерінің, қызығушылықтарының, мақсаттарының бұзылуы байқалады. Жағымсыз жағдайларға қарсы тұруға күш азаяды. Ұзақ жұмыссыздық кезінде, уақытша, маусымдық немесе қара жұмыста үлкен емес табысқа ие болмаған жағдайда күйзеліс күшейеді. Әсіресе жұмыс іздеудегі сәтсіздік теріс әсер етеді. Тұрақты сәтсіздіктер жұмыс іздеудің тоқтауына және апатияға алып келуі мүмкін.

4 кезең – мүсәпірлік және қалыптасқан жағдайға көну. Бұл ауыр психологиялық жағдай материалдық қиындық болмаса да, мысалы, адам жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алған жағдайда да байқалады. Апатия күйі ай сайын ұлғаяды. Жұмыс іздеуде минималды жетістіктің болмауы үміттің үзілуіне әкеліп соғады. Адам жағдайын өзгерту әрекетін тоқтатып, әрекетсіздік күйіне үйренеді. Ол өзіне қарауды қойып, іше бастайды, соңында әлеуметтік түпке түседі.

Бізге азап шегетін психикамен не істеу керек? Қалай болса да ауыр күйді кешуге тырысу қажет. Мұнда мамандар кеңесі көмектеседі [6].

Қорытындылай келгенде, жұмыссыздықты басынан кешкен адамның психологиялық ерекшеліктерін келесідей сипаттап өтуге болады. Жұмыссыздардың басым бөлігінің белгілі мақсаттары жоқ, көбінесе олар болашаққа қарағанда қызықты болып көрінетін өздерінің өткен күндеріне қарайлап, бір күнмен өмір сүреді. Оның себебі, өзін-өзі төмен бағалау мен өз күшіне сенімсіздік болуы мүмкін. Жұмыссыз азаматтарда өзін-өзі бағалау, өзіне деген сенімсіздік, жетістіктерге жетуге және өзгерістерге талапсыздық, аңқаулық және т.б. сияқты жұмыссыздарға тән тұлғалық ерекшеліктер анықталған, ал бұл табысты дербес жұмысқа орналасу мүмкіндігін едәуір төмендетіп, жұмыс іздеуді маңызды психологиялық мәселеге айналдырады.

Қолданылған әдебиет

1. Райханов Н. Қазақстанның экономикалық реформа жолы өзінше // Ақиқат – 1996.
2. Алехин А.Н., Вертячих Н.Н. 2010. – С. 78.
3. Глуханюк Н.С., Колобкова А.И., Печеркина А.А. Психология безработицы. – М., 2003.
4. Старовойтова Л.И., Золотарева Т.Ф. Занятость населения и ее регулирование. – М., 2001.
5. Мучински П. Психология. Профессия. Карьера. – СПб.: Питер, 2007. – 448 с. – С. 403-404.
6. Занятость, безработица, служба занятости. Толковый словарь терминов и понятий. – М., 1996.

УДК 316.4

ПРОФИЛАКТИКА ПРЕСТУПНОСТИ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ СРЕДСТВАМИ СОЦИАЛЬНОЙ РАБОТЫ В РЕГИОНЕ АЗИАТСКОГО ПРИГРАНИЧЬЯ

Мыльникова Анна Викторовна

anuta-m777@rambler.ru

студентка факультета социологии

ФГБОУ ВПО «Алтайский государственный университет», Барнаул, Россия

Научный руководитель – Е.Н. Дронова

В настоящее время чрезвычайную актуальность приобретают проблемы,